Бекітемін.
Мектеп директоры: Жумагулова Г
«29» 08 2024ж

Келісемін.
Директордың оқу ісі жөніндегі : Абдрахманова Г
«29» 08 2024ж

# Екпетал мектеп-балабақшасының 2024-2025 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясындағы жылдық жұмыс жоспары

2024-2025 оқу жылы

*Облыстың білім басқармасының*
*2024 жылғы «06» тамыздағы*
*№ 380 бұйрығына*
*№2 қосымша*

**Түсінік хат**

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырды. Осыған орай 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады.

Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Бұл балалар мен жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді.

Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді.

«Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Демек, қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеу «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» үштағанымен сабақтасады. Бұл әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділетті, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді.

Аталған идеялар мен құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру

- **Бағдарлама мазмұны:**

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

**Қыркүйек** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
**Қазан айы** – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
**Қараша айы** – әділдік және жауапкершілік айы;
**Желтоқсан** – бірлік және ынтымақ айы;
**Қаңтар** – заң және тәртіп айы;
**Ақпан** – жасампаздық және жаңашылдық айы;
**Наурыз** – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
**Сәуір** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
**Мамыр** – бірлік және ынтымақ айы.

- **Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

- ✓ **<u>Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық</u>**

Құзыреттілік: ұлттық мүдделі дамыту

**Бастауыш мектеп түлегі:**
мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;
мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;
дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;
отбасының құндылығын түсіну;
тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;
қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

- ✓ **<u>Құндылық: бірлік және ынтымақ</u>**

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

**Бастауыш мектеп түлегі:**
командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;
өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;
басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;
бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;
тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

тәуелсіздік және отаншылдық

бірлік және ынтымақ

әділдік және жауапкершілік

заң және тәртіп

еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

**БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:**

- Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

**БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:**

- **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру,

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту,

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиел

- **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату,

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

- **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру,

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

- **Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:**

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету,

- ✓ **<u>Құндылық: әділдік және жауапкершілік</u>**

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

**Бастауыш мектеп түлегі**

шындықты айту;
достыққа адал болу;
жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;
өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;
заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

- ✓ **<u>Құндылық: заң және тәртіп</u>**

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

**Бастауыш мектеп түлегі:**

өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;
қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;
педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;
кемсітушілік пен құқайлаудың кез-келген түрімен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу

- ✓ **<u>Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік</u>**

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

**Бастауыш мектеп түлегі:**

мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;
өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;
отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;
нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол жеткізуге ұмтылу;
өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тынғылықты жұмыс істеу.

- ✓ **<u>Құндылық:жасампаздық және жаңашылдық</u>**

Құзыреттілік:шығармашылық

**Бастауышмектептүлегі:**

қоршағаналемдізерттеу,сұрақтар қою,эксперименттер жүргізу жәнеалынғанмәліметтернегізінде қорытындыжасай алу;
жаңаидеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емесшешімдерінкұружәнеолардыісжүзінде қолдана алу;
инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру;
жаңатәсілдерментехнологиялардықолданудыталап ететін балаларжобаларынақатысуғадайын болу;
өзәрекеттерініңқоршағаналемүшінмаңыздылығыменсалдарын түсіну.

| № | Іс шаралар атауы | Аяқталу нысаны | Жауапты орындаушылар | Орындау мерзімдері |
|---|---|---|---|---|
| **Күнделікті атқарылатын іс-шаралар** | | | | |
| 1 | -***«Ұлттық ойын – ұлт қатынасы»***; үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.;<br>-***«Өнегелі 15 минут»*** – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі;<br>-***«Үнемді тұтыну»*** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу;<br>-***«Күй күмбірі»*** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау;<br>-***«Оқуға құштар мектеп»*** жобасы аясында мектептерде үзіліс кездерінде «5 минут кітап оқу» *(10 минуттық оқу, 20 минуттық оқу)* акцияларын ұйымдастыру *( ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы оқуға ұсынылған көркем әдебиеттер тізімі бойынша: Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Тахауи Ахтанов, Шерхан Мұртаза, Бердібек Соқпақбаев, сондай-ақ Эрнест Хемингуэй, Джек Лондон, Рабиндранат Тагор, Александр Островский, Вальтер Скотт, Михаил Лермонтов т.б.).* | Үзіліс кезінде | Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог т.б. | Күнделікті жыл бойы |
| **Апта сайын атқарылатын іс-шаралар** | | | | |
| 1 | -***«Менің Қазақстаным»*** – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды;<br>- ***«Апта дәйексөздері»*** – бүкіл білім беру ұйымының оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады;<br>-***«Қауіпсіздік сабағы»*** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы | Аптасына 1 рет | Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог т.б. | Апта сайын жыл бойы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу. | | | |
| **Ай сайын атқарылатын іс-шаралар** | | | | |
| 1 | Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу | Алдын алу шарасы | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп *(ПД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)* | Айына 1 рет |
| **Жыл бойы атқарылатын іс-шаралар** | | | | |
| 1 | **«Болашаққа жолдама»** жобасы | Бекітілген жоспар бойынша | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері,мектеп психологтары, әлеуметтік педагог | Жыл бойы |
| 2 | Ақтөбе облысының білім беру ұйымдарында құрылған **«Adal urpaq»** , **«Sanaly urpaq»** жобалары аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыру жөніндегі 2024 жылға арналған іс-шаралары | Бекітілген жоспар бойынша | Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері,мектеп психологтары, әлеуметтік педагог | Жыл бойы |
| 3 | **«Birgemiz: Qamqor»** акциясы *(қарттар үйлеріне, жалғыз басты қарияларға көмек көрсету) «Қамқор» жобасы* | Акция | Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі | Жыл бойы |
| 4 | **«Birgemiz: Taza Álem»** акциясы *(қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазалау, ағаш отырғызу және т.б.) «Қамқор» жобасы* | Акция | Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі | Жыл бойы |
| 5 | **«Мейірімділік ошағы»** акциясы *(күнкөрісі төмен, көпбалалы және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек пен қолдау көрсету) «Қамқор» жобасы* | Акция | Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі | Жыл бойы |
| 6 | Ақтөбе облысының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында экологиялық білім мен тәрбиені дамыту жөніндегі 2024-2025 жылдарға арналған кешенді іс-шара жоспары | Жоспарға сәйкес | Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, жаратылыстану бірлестігі, экоклуб жетекшілері. | Жыл бойы жоспар негізінде |
| 7 | «ДосболLIKE» – буллингтің/әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу | Акция | Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог т.б. | Жыл бойы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 | Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында іс-тәжірибелерді тарату мен әдіст емелік қолдау | Әдістемелік кабинеттің жұмыс жоспарына сәйкес | Аудандық ББ | Жыл бойы |
| | **Іс-шаралар** | **Түрі** | **Жауапты** | **Мерзімі** |
| | **ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ**<br>**1 қыркүйек** – «Білім күні»<br>**5 қыркүйек** – Қазақстан халқы тілдері күні<br>**Қыркүйектің екінші жексенбісі** – Отбасы күні<br>**Қыркүйектің үшінші жексенбісі** – Аналар күні<br>**Қыркүйектің соңғы жексенбісі** – Еңбек күні | | | |
| | **1-АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ «*БІЛІМ – ҚЫМБАТ ҚАЗЫНА, ҚАНАҒАТ ТҮПСІЗ АЗЫНА*» (*МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ*)** | | | |
| 1 | **Білім күні.**<br>**«Мектеп – мейірім мекені!»**<br><br>**«Менің Отаным-Қазақстан!»**<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Салтанатты іс-шара<br><br>Сынып сағаты | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,аға тәлімгер<br><br>Сынып жетекшілері | 01.09<br>02.09 |
| 2 | **«Тілім менің ғасырларға аманат»**<br>*(А.Байтұрсынұлының туған күніне орай)* | Қазақстан халқы тілдері күніне арналған жалпы мектептік іс-шара | Гуманитарлық цикл пәндер мұғалімдері | 02-05.09 |
| 3 | Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру<br>*«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» жобасы* | Ата-аналар жиналысы | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, | 02.09 |
| | | **2-апта** *дәйексөзі:*<br><br>***«Жанұям – қорғаным, ата – анам тірегім»*** | | |
| 4 | Жол қауіпсіздігі<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен *(ПД және т. б.)* бірлесіп | 09.09 |
| 5 | **«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі»** челленджі<br>*«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» жобасы* | Отбасы күніне арналған челлендж | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері,тәлімгер,әлеуметтік педагог | 09-13.09 |
| | | ***1-апта дәйексөзі:***<br>***«Ақырын жүріп, анық бас,***<br>***Еңбегің кетпес далаға»***<br>***(Абай)*** | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6 | Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығына сай сынып сағатының тақырыбын алу<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен *(ПД және т. б.)* бірлесіп | 16.09 |
| 7 | **«Еңбек түбі- береке»**<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Еңбек күніне арналған сынып сағаты | Сынып жетекшілері | 23.09 |
| 8 | **«Денсаулық – зор байлық»** фестивалі | «Денсаулық фестивалі» Мектепішілік шара | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, тәлімгер | 23-30.09 |
| | | ***4-апта дәйексөзі: «еңбек жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы» (Абай)*** | | |
| 9 | **«Еріктi ici – қайырымдылықтың бір қанаты!»**<br>*(барлық білім беру ұйымдарында құрылған волонтерлар клубының бейнероликтер байқауы)* | Облыстық байқауға қатысу | Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, «Қамқор»жоба жетекшісі | 24.09 |
| 10 | Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша бірыңғай сабақ | Жалпы мектепішілік «Бірыңғай сабақ» шарасы | Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, тәлімгер, психолог | 25.09 |
| 11 | **«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!»** акциясы<br>«Қамқор» жобасы | Таза сенбiлiктер | Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог | 26.09 |
| 12 | ➜ Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу | Мектепішілік алдын алу шаралары | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп<br>*(ПД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)* | 30.09 |

**ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**

1 қазан – Халықаралық қарттар күні

**5 қазан** – Мұғалімдер күні
**24 қазан** – Кітапханашылар күні
**25 Қазан** – Республика күні

*1-АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ:*

***«ЕЛ ЖҰРТЫМНЫҢ БАҚЫТЫ АТАЛАТЫН, СӨНБЕСІН МӘҢГІ СЕНІҢ, ОТАН, АТЫҢ!».***

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **«Қоғамға қызмет ету»** волонтерлық қызмет *«Қамқор» жобасы*<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Жалпы мектептік волонтерлық акциясы | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, тәлімгер | 02.10 |
| 2 | **«Даналық ұстаздан»** челленджі<br>*«Шабыт» жобасы* | Мұғалімдер күніне арналған челлендж | Сынып жетекшілері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы | 03.10 |
| | | ***2-апта дәйексөзі: «уған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас».*** | | |
| 3 | **«Тәуелсіздік және отаншылдық»** құндылығына сәйкес сынып сағаты<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен *(ІІД және т. б.)* бірлесіп | 07.10 |
| 4 | Ойынға салауатты көзқарас<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Мектепішілік алдын алу шаралары *(лудоманияның алдын алу)* | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп,әлеуметтік педагог. | 09.10 |
| 5 | Ұстаздар күні қарсаңында өзін-өзі басқару ұйымдары мүшелерінің қатысуымен<br>**«Дублер күнін» ұйымдастыру** | Әлеуметтік желіге ақпарат | Мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер, сынып жетекшілер. | 04.10 |
| | | *3-апта дәйексөзі:*<br>***«Отанды сүю отбасынан басталады».*** | | |
| 6 | **«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»**<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Мектепішілік алдын алу іс-шарасы | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері | 15.10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп | |
| 7 | **«Күзгі жәрмеңке»** жәрмеңкесі<br>*(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы)* | Жәрмеңке | Сынып жетекшілері,Жоба жетекшісі | 16.10 |
| 8 | «Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығына сәйкес сынып сағаты<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері | 14.10 |
| 9 | **«Тәуелсіздік және отаншылдық»** құндылығына сәйкес сынып сағаты<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп | 21.10 |
| 10 | Мектеп парламентінің президентін сайлау | Мектеп сайлауы | Мектеп директоры, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог т.б. | 17.10 |
| | | ***4-апта дәйексөзі: «Отаным – алтын бесігім»*** | | |
| 11 | **«Ұшқыр ой алаңы»** дебаты<br>*(«Ұшқыр ой алаңы» жобасы )* | Мектеп дебаты | Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы жоба жетекшісі | 21.10 |
| 12 | **«Республикам – мақтанышым!»**<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Республика күніне арналған жалпы мектепішілік іс-шара және сынып сағаты | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, тәлімгер | 23.10 |
| 13 | **«Демалыста кітап оқимыз»**<br>*(«Балалар кітапханасы» жобасы)* | Кітапханашылар күніне арналған жалпы мектепішілік іс-шара | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кітапханашы | 24.10 |
| 14 | Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу | Мектепішілік алдын алу шаралары | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп *(ПД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС және т. б.)* | 24.10 |
| 15 | «Мен - еріктімін» әлеуметтік желідегі фотоконкурс | Конкурс | Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, | 21-24.09 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *(Облыстық жастар негізінде)* | | волонтерлық клуб жетекшісі | |
| 16 | «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы<br>(«Қамқор» жобасы) | Таза сенбіліктер | Мектеп директоры, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер,жоба жетекшісі | 01-21.10 |
| **ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ**<br>**15 қараша** – Ұлттық валюта – теңге күні<br>**16 қараша** – Халықаралық төзімділік күні | | | | |
| ***АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ:***<br>***«ӘДІЛДІКПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК – БІРТҰТАС ҰҒЫМ».*** | | | | |
| 1 | **«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс»**<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері | 04.11 |
| 2 | **Мектеп театры**<br>*(«Шабыт» жобасы)* | Театр қойылымы | Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, «Шабыт»жоба жетекшісі | 06.11 |
| | | ***2-апта дәйексөзі:***<br>***«Тура биде туған жоқ».*** | | |
| 3 | 15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні<br>Қауіпсіздік сабағы | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері | 11.11 |
| 4 | **«Ұшқыр ой алаңы»**<br>зияткерлік ойыны *(«Ұшқыр ой алаңы» жобасы)* | Зияткерлік ойын | Жоба жетекшісі | 13.11 |
| | | ***3-апта дәйексөзі:***<br>***« Жауапкершілік – адамгершілік қасиетінің көрінісі ».*** | | |
| 5 | **«Әділдік және жауапкершілік»** тақырыбында сынып сағаты<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп | 18.11 |
| 6 | **«Startup» байқауы**<br>*(«SMART BALA» жобасы)* | Байқау | Жоба жетекшісі<br>мектептің Өзін-өзі басқару ұйымы | 22.11 |
| | | ***4-апта дәйексөзі:*** | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | « Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!». | | |
| 7 | **«Әділдік және жауапкершілік»** тақырыбында сынып сағаты<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп | 25.11 |
| 8 | ✦ Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу | Мектепішілік алдын алу шаралары | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп *(ПД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)* | 26.11 |
| 9 | Өзін-өзі басқару ұйымының көшбасшыларына арналған **«Үздік көшбасшы- 2024»** облыстық байқау | Облыстық байқауға қатысу | Аға тәлімгер | қараша |
| 10 | Мамандықтар әлемі<br>*(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы )* | Түсіндіру жұмыстары | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп,тәлімгер | 28.11 |
| 11 | **«Өмірге салауатты қадам»**<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Мектепішілік алдын алу шаралары | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп,тәлімгер | 28.11 |
| **ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ**<br>**5 желтоқсан** – Дүниежүзілік Еріктілер күні<br>**16 желтоқсан** – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні<br>***1-АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ:***<br>***«БІРЛІГІ КҮШТІ ЕЛ ОЗАДЫ»*** | | | | |
| 1 | **«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз»** акциясы *(Сынып сағаты )*<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Мектептегі/сыныптағы тазалықты қолдау акциясы | Сынып жетекшілері | 02.12 |
| 2 | | ***2-аАпта дәйексөзі:*** | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | « Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді». | | |
| 2 | **«Жетістігімді еліме арнаймын»** челленджі | Челлендж | Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы | 11.12 |
| 3 | Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлері байқауы<br>*(«Бозжорға кітапханасы» жобасы)* | Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлері байқауы | Қитанова А | 12.12 |
| 4 | **«Бірлік және ынтымақ»** құндылығына байланысты сынып сағаты<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері | 09.12 |
| | | ***3-апта дәйексөзі:<br>« бірлік болмай, тірлік болмас».*** | | |
| 5 | «Ұшқыр ой алаңы» дебаты<br>*(«Ұшқыр ой алаңы» жобасы)* | Мектеп дебаты | Нугыманова А,Бактияров Е мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, | 18.12 |
| 6 | «Бірлік және ынтымақ құндылығы» құндылығына байланысты сынып сағаты<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп | Мереке күні 16.12. орай 09.12 біріктіріп өткізеді |
| | | ***4-апта дәйексөзі:*<br>« Ынтымақ – бұзылмайтын қорған».** | | |
| | Ойынға салауатты көзқарас<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Мектепішілік алдын алу іс-шарасы (лудоманияның алдын алу шарасы) | Нугыманова А<br>Сынып жетекшілер | .25.12 |
| | **«Бірлік және ынтымақ»** құндылығына байланысты сынып сағаты<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері | 23.12 |
| | Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу | Мектепішілік алдын алу іс-шарасы | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп<br>*(ЩД, ТЖД, Дін басқармасы,* | Ай жоспарына сәйкес |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | *Денсаулық басқармасы СОС, және т. б.)* | |
| 10 | **«Ерікті болу - ерлік»**<br>облыстық еріктілер слеті *(жыл қорытындысы, үздік еріктілерді, үздік еріктілер клубтарын марапаттау)* | Слет | Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі Нутымханова А | Желтоқсан |
| 11 | **«Үздік мектеп парламенті»** облыстық байқау | Облыстық байқау | Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер Нутымханова А | Желтоқсан |
| **ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ**<br>1 қаңтар – Жаңа жыл<br>*АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ:*<br>*« Тағып бар жерде тәртіп бар».* | | | | |
| 1 | **Мамандықтар марафоны**<br>*(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы)* | Байқау | Көркем еңбек, информатика, робототехника мұғалімдері,Нутымханова А | 10.01 |
| | | ***2-апта дәйексөзі: «Тәртіп-тәрбие бастауы,тәртіпсіздік-өміріңнің қас жауы».*** | | |
| 2 | **«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!»**<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Сынып сағаты | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп | 13.01 |
| | | ***3-апта дәйексөзі: «Әділ заң-болашақ кепілі».*** | | |
| 3 | «Ұшқыр ой алаңы» зияткерлік ойыны<br>*(«Ұшқыр ой алаңы» жобасы)* | Зияткерлік ойын | Қосымша білім беру педагогтері | 20.01 |
| 4 | **«Заң және тәртіп»**<br>құндылығына арналған сынып сағаты<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері | 20.01 |
| | | ***4-апта дәйексөзі:*** | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | « Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас игенкұлболмайды». | | |
| 5 | **«Заң және тәртіп»** құндылығына арналған сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері | 27.01 |
| 6 | **«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам»** байқауы *(«SMART BALA" жобасы)* | Байқау | Информатика, жаһандық құзыреттілік мұғалімдері | 30.01 |
| 7 | Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу | Мектепішілік алдын алу іс-шарасы | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп *(ІІД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)* | Ай жоспарына сәйкес |
| 8 | Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша бірыңғай сабақ | Мектепішілік «Бірыңғай сабақ» шарасы | Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер | 31.01 |
| **АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ**<br>**14 ақпан** – Халықаралық кітап сыйлау күні<br>**Ақпанның бірінші сейсенбісі** – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні<br>*АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ:*<br>*«ЖАСАМПАЗДЫҚ-БӘРІМІЗГЕ ӨНЕГЕ».* | | | | |
| 1 | **Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам** Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Мектепішілік алдын алу іс-шарасы | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп | 04.02 |
| 2 | **«Жасампаздық пен жаңашылдық»** құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері | 03.02 |
| 3 | «Ұшқыр ой алаңы» дебаты *«Ұшқыр ой алаңы» жобасы* | Мектеп дебаты | Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы | 07.02 |
| | | ***2-апта дәйексөзі: «Жаңашылдық-заман талабы».*** | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | **«Буллингтен қорған!»**<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі | 10.02 |
| 5 | **«Шын жүректен кітап сыйла!»** челленджі<br>*«Балалар кітапханасы» жобасы* | Челлендж | Кітапханашы,<br>мектептің өзін-өзі басқару ұйымы | 12.02 |
| | | ***3-апта дәйексөзі: «Өнер ақиқаты-жасампаздықта»*** | | |
| 6 | Қауіпсіз қоғам<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Мектепішілік алдын алу іс-шарасы | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп | 18.02 |
| 7 | **«Startup» байқауы**<br>*«SMART BALA» жобасы* | Байқау | Сынып жетекшілері<br>Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы | 20.02 |
| 8 | **«Жасампаздық пен жаңашылдық»**<br>құндылығына сәйкес сынып сағаты<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері | 17.02 |
| 9 | Кеңес әскерінің ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай іс-шаралар ұйымдастыру | Мектепішілік іс-шаралар | Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, АӘД пәні мұғалімі | 19.02 |
| | | ***4-апта дәйексөзі: «Бірлік пен жасампаздық-ел тағдыры»*** | | |
| 10 | **«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік»**<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері | 24.02 |
| 11 | Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу | Мектепішілік алдын алу шарасы | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп *(ПД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)* | Айына 1 рет |

**НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ**
1 наурыз – Алғыс айту күні
**8 наурыз** – Халықаралық әйелдер күні

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі<br>30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні<br>*АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ*<br>« Тәуелсіздік – тәттісөзғанаемес, ұлттықжауапкершілік» | | | | |
| 1 | **«Алғыс – ізгі ниет»**<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері | 28.02 |
| 2 | Алғыс айту күніне орай Мектеп/студенттік парламент арасында<br>**«Шын жүректен»** челленджі | Әлеуметтік желілерге жариялау | Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер | 03.03 |
| 3 | Ойынға салауатты көзқарас<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Мектепішілік алдын алу іс-шарасы | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп | 04.03 |
| 4 | **«Ананың аялы алақаны»** челленджі<br>*(«Шабыт» жобасы)* | Челлендж | Сынып жетекшілері<br>Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы | 07.03 |
| | | ***2-апта дәйексөзі:***<br>***«Отаншыл-ұлы қасиет».*** | | |
| 5 | **«Ұлттық мәдениет»** көрмесі<br>*(«Шабыт» жобасы)* | Көрме | Көркем еңбек мұғалімдері, сынып жетекшілері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы | 11.03 |
| 6 | **«Тәуелсіздік және отаншылдық»** құндылығына сәйкес сынып сағаты<br>Қауіпсіздік сабағы (10минут) | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері | 10.03 |
| 7 | **«Наурызнама» тұжырымдамасы** | Бекітілген тұжырымдамаға сәйкес іс-шаралар ұйымдастыру | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері | 18.03 |
| | | ***3-апта дәйексөзі:***<br>« Ұлттық рух пен ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті» | | |
| 8 | **«Наурыз – жыл басы»**<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері | 17.03 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9 | **«Күй күмбірі»** домбырашылар челленджі – Наурыз мерекесі аясында күйлер орындау *(таңдау бойынша)* | Күй орындау | Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер | Наурыз |
| 10 | **Мектеп театры** *(«Шабыт» жобасы)* | Театр қойылымы | Эстетикалық цикл пәндер мұғалімдері,/тілдік пәндер мұғалімдері, қосымша білім беру педагогтері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы | 19.03 |
| 11 | **«Жер сағаты»** экологиялық акциясы *(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы)* | Акция | Жаратылыстану ғылымдарының апталығы/оқиғалаегі шеңберінде пән мұғалімдері | 20.03 |
| 12 | ♣ Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу | Мектепішілік алдын алу шарасы | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп *(ПД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СЭС, және т. б.)* | Айына 1 рет |
| 13 | Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша бірыңғай сабақ | «Бірыңғай сабақ» мектепішілік шара | Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер | 20.03 |
| | **СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ**<br>**2 сәуір** – Халықаралық балалар кітабы күні<br>**7 сәуір** – Дүниежүзілік денсаулық күні<br>**12 сәуір** – Ғылым күні<br>**15 сәуір** – Халықаралық мәдениет күні<br>**18 сәуір** – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні<br>**23 сәуір** – Ұлттық кітап күні | | | |
| | | ***Апта дәйексөзі:***<br>« Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап» | | |
| 1 | **«Біз таңдаған кітаптар»**<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері | 07.04 |
| 2 | Өмірге салауатты қадам | Мектепішілік алдын алу | Директордың тәрбие ісі жөніндегі | 09.04 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | іс-шарасы | орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп | |
| | | *2-апта дәйексөзі:* «Саналы да ерікті еңбек қана адамды бақытқа кенелтеді». | | |
| 3 | **«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік»** құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері | 14.04 |
| 4 | 12 - сәуір ғарышкерлер күніне орай **«Ғарышқа саяхат»** макеттер байқауын ұйымдастыру | Әлеуметтік желілерге жариялау | Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер | Сәуір |
| 5 | **«Атадан-өсиет, анадан қасиет»** ата-аналарға арналған шеберлік сыныбы *(«Ата-аналардың педагогикалық қолдау орталығы» жобасы )* | Шеберлік сынып | Сынып жетекшілері / педагог-психологтер | 15.04 |
| 6 | **«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік»** құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері | 16.04 |
| 7 | «Ұшқыр ой алаңы» дебаты *(«Ұшқыр ой алаңы» жобасы)* | Мектеп дебаты | Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы | 17.04 |
| | | *3-апта дәйексөзі:* « Еңбек жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы » | | |
| 8 | **«Қоғамдық мүлікті қорға!»** Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Мектепішілік алдын алу шарасы | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп | 22.04 |
| 9 | **«Түлектердің ағаш егуі»** эко челленджі *(«Жасыл ел» жобасы)* | Челлендж | Сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы | 23.04 |
| | | *4-апта дәйексөзі:* « Білікті білім жинап | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер». | | |
| 10 | **«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік»** құндылығына сәйкес сынып сағаты<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері | 28.04 |
| 11 | ♣ Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу | Мектепішілік алдын алу шарасы | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп<br>*(ІІД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)* | Айына 1 рет |
| **МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ**<br>**1 мамыр** – Қазақстан халықтарының бірлігі күні<br>**7 мамыр** – Отан қорғаушылар күні<br>**9 мамыр** – Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні<br>**15 мамыр** – Халықаралық отбасы күні<br>**18 мамыр** – Халықаралық мұражайлар күні<br>**31 мамыр** – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні<br>*АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ:*<br>« Ынтымақ, бірлік, келісім – ең асыл байлық ел үшін». | | | | |
| 1 | **«Біз әртүрліміз, бір теңбіз»**<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері | 05.05 |
| | | ***2-апта дәйексөзі:***<br>« Ынтымақ — бұзылмайтын қорған,Қосылып еккен ағаш — орман» | | |
| 2 | **«Жас сарбаз»**<br>әскери-патриоттық әндер фестивалі<br>*«Шабыт» жобасы* | Фестиваль | АӘДТ пән мұғалімдері, музыка пәнінің мұғалімдері, сынып жетекшілері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы | 13.05 |
| 3 | **«Бірлік және ынтымақ»** құндылығына сәйкес сынып сағаты | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері | 12.05 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Қауіпсіздік сабағы *(10минут)* | | | |
| 4 | Отбасы күніне арналған<br>**«Отбасылық дәстүрлер»** апталығы<br>*«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы* | Суреттер, фотосуреттер көрмесі | Сынып жетекшілері | 14.05 |
| | | ***3-апта дәйексөзі:*** « Бірлігі кеткен ел жаман, Егесіп өткен ер жаман» | | |
| 5 | **«Бірлік және ынтымақ»**<br>құндылығына сәйкес сынып сағаты<br>Қауіпсіздік сабағы *(10минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері, мектеп психологы | 19.05 |
| 6 | **«Қауіпсіз қоғам»**<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Мектепішілік алдын алу іс-шарасы | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп | 20.05 |
| 7 | **«Білімім – Отаныма!»**<br>Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)* | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері | 21.05 |
| 8 | Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу | Мектепішілік алдын алу шарасы | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп *(ПД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)* | Айына 1 рет |
| 11 | Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша бірыңғай сабақ | Мектепішілік «Бірыңғай сабақ» шарасы | Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер | 22.05 |
| 12 | **«Әншуақ» фестивалі.** *«Шабыт» жобасы* | Фестиваль | Үйірме жетекшілері | 22.05 |
| | **4-апта дәйексөзі:** « Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ» | | | |

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:** **Арыстанова Жанат Ахметжановна**